


Ертеңгілік:

Жаңа жыл цирк алаңында



«Ертөстік» тобы
Тәрбиеші: Қасымжан.С.О
2019-2020жыл

Жаңа жыл цирк алаңында.

Мақсаты: Бүлдіршіндерге жаңа жыл мерекесімен бірге цирк алаңының ерекшеліктерінде таныстыру.

Міндеттері: Қыс мезгілінің ерекшеліктері мен жаңа жыл мерекесінің ғажайып көріністерін көрсету.

Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.

Ертеңгілік арқылы сахна төріне, ұйымшылдық пен татулық, достыққа тәрбиелеу.

(Жаңа жылдық мереке мен цирк алаңына арналған безендірулер)

Жүргізуші: Армысыздар, ханымдар мен мырзалар!

Жүргізуші: Қадірменді ата-аналар мен қонақтар!

Жүргізуші: Бала күлкісі сыңғырлаған әсем балабақшамызға қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Бүгінгі біздің жаңа жыл кешіміз ерекше болмақ.

Жүргізуші: Себебі, бізде бүгін әншілер мен бишілер, гимнастар мен батырлар өнер көрсетеді.

Жүргізуші: Сондай-ақ жабайы аңдар мен фокусниктерде өнер көрсетеді.

Жүргізуші: Ендеше біз жаңа жылдық мерекемізді бастаймыз!

Бірге ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

(Тәрбиеші Қар ханшайымы киімімен шығады)

Қар ханшайымының құттықтау сөзі: Жаңа жыл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа жыл-бірлік пен татулықтың жылы болсын! Келіп жеткен тышқан жылы отбасымызға денсаулық, береке, байлық алып келсін. Жаңа жыл бүлдіршіндер үшін ерекше мереке. Олардың кіршіксіз көңілдері бұл күні ғажайыптың боларына сенеді. Сондай ғажайыптардың бірі цирк. Ендеше бүгінгі ертеңгілік тақырыбы «Балабақша цирк алаңында» деп аталады. Сіздерді тағыда жаңа жылдарыңызбен құттықтай отырып, кешімізді бастаймыз.

Қар ханшайымы: Жаңа жыл мерекесінің көңілді өтуіне цирктен қонақтар келген, солардың ішіндегі ең күлкілі адам кім? (Сайқымазақ) Әрине Сайқымазақ. Ортада Сайқымызақты қарсы алайық.

Сайқымазақ: Ерекше бүгін күніміз,
Көтереміз көңіл біз.
Цирк келді халайық,
Бірге қарсы алайық!
Уа, халайық, жарандар
Бәрің бері қараңдар!
Балабақша төрінде,
Ертегілер елінде
Айзере атты қызымыз
Ән салады бәріңе!

Дархан Айзеренің орындауында «Шырша жыры» әні.

Барлық бүлдіршіндер ортаға шығады

Қар ханшайымы: Балалар біздің шырша мерекеміз оданда көңілді әрі қызықты өту үшін кімдер керек? Олай болса ортаға Аяз атамыз бен Ақша қарымызды шақырайық.

Аяз ата мен Ақшақардың құтықтау сөзі.

Қар ханшайымы: Аяз ата Ақшақар біздің бүлдіршіндердің сіздерге арнаған әндері бар соны қабыл алыңыз. Ортада орта тобының орындауында хор «Жаңа жыл» әні.

Қар ханшайымы: Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр. Ғендігі тамашалайтындарыңыз
Ертөстік тобының орындауында «Аяз ата» биі.

Доңыздың сөзі: Ескі жылым естелікке айналып,
Қимастықпен кетіп барам, бұрылып.
Тағы бір жыл терезенді қағып тұр.
Қоштаспауға амалым жоқ сағынып.
Жаңа жыл, Жаңа қадам, жаңа шаттық
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт
Тышқан жылы кеп қалды ортамызға,
Жақсылықпен сіздерді бір қуантып.

/Осы кезде доңыз жылы қоштасып шығып кетеді/

Қар ханшайымы: Ескі жылды есірке, жаңа жылда жарылқа демекші ескі доңыз жылыны еш өкпеміз жоқ. Қош сау болыңыз!

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Торда отырған сақ қоян.
Қаша берсең орманға,
«Қорқағым» деп ат қоям. Сіздердің алдарыңызда
кішкентайбүлдіршіндердің орындауында «Қояндар биі»

Сайқымазақ: Қараңдаршы халайық мен не тауып алдым! Әрине бұл кілт. Кілттің иесі кім болды екен?

Буратино: Менікі, менікі менің кілтім бересізба?

Сайқымазақ: Ондай болса маған бір тақпақ айтып бересіңбе?

Буратино: Келді тағы жаңа жыл,
Қуантумен біздерді.
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймыз сіздерді.

Сайқымазақ: Қандай керемет тағы қандай өнерің бар?

Буратино: Мен достарыммен би билеп беремін.

Қар ханшайымы: Ортада Назерке тобын «Буратина» биімен қарсы алайық.
Жаңа күнде ән қылып,
Тек жүрмеңіз сән құрып.
Ал ағайын тұрмайық,
Жаңа жылды жырлайық.

«Ертөстік» тобының орындауында хор «Шыршаға бардық»

Қар ханшайымы: Елті тышқан бидайды тасый берген,
Шәкірті де көп екен қасына ерген.
Қақпан құрған адамның айлаларын,
Билеп, билеп жаңа жылға кірген екен. Назерке тобының
«Тышқандар» биін қарсы алайық. **«Тышқандар» биі.**
(Тышқан бүлдіршіндермен бірге би билеп ортаға шығады.)

Қар ханшайымы: Жаңа жылда жол болсың,
Басқан қадам оң болсын
Төрлет, төрлет Тышқан жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Тышқан: Жаңа жылда, жаңа бақыт тыныштық
Жаса, жаса достық бірлік туыстық
Құттықтаймын жаңа жылмен бәріңді
Қуаныштың әр минуты тым ыстық.

Қар ханшайымы: Ей шабандоз жігіттер,
Өздеріңді үміттер.
Сендерге сеніп қарайық,
Нағыз ерге балайық. «Ертөстік» тобының шабандоз
жігіттер биін тамашалайық. **«Шабандоз жігіттер» биі.**

Қар ханшайымы: Келді цирк өнері,
Көп қой оның берері.
Гимнаст қыздар-күстардай,
Оларды болмас ұшырмай. Гимнастика биімен «Назерке»
тобын қарсалайық. **«Гимнастика» биі.**

Қар ханшайымы: Циркке жиі келіндер,
Өнер түрін көріндер.

Сиқырлардың барына,
Шын көңілмен сеніңдер.

Сиқыршы Тұрғанбай Шахмұраттың өнерін тамашалайық «фокус».

Қар ханшайымы: Көк шыршаның түбіне,
Бір-біріне үңіле.
Би билеуге жиналды,
Жан-жануарлар біріге. Назерке тобын «Аңдар» биімен
қарсы алайық. «Аңдар» биі.

Қар қаншайымы: Көңілді цирк әлемі,
Алаңы қандай әдемі.
Көресің күлкі, мейірім,
Чунга-чанга биінен. Келесі кезекте Ертөстік тобының
«Чунга-чанга» биін тамашалайық. «Чунга-чанга» биі.

Тілектер.

1. Назигат: Келіп жеткен жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

2. Бексұлтан: Жаңа жылда, жаңа бақыт, жаңа шаттық тілейміз:

3. Інкәр: Жаңа жыл отбасымызға береке мен мереке әкелсін!

4. Ж. Нұрислам: Жаңа жылда еліміз аман жұртымыз тыныш болсын!

5. Інжу: Жаңа жыл зор денсаулық пен мол байлық әкелсін!

6. Альбина: Жаңа жылда бүлдіршіндер көбейіп, көзге көрінген балаларыңыз
аман болсын!

7. Ы. Алихан: Жаңа жылда жұмыстарыңыз алға басып, мол табысқа
жетіңіздер!

8. Шахмұрат: Жаңа жылда Қазақстан өркениетті 50 елдің біріншісі болсын!
Осы мен кешіміз аяқталды. Қош сау болыңыздар.

